

М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі



**2021-2022 оқу жылындағы аға тәлімгердің  
талдау жұмысы**

Орындаған: Еримбетова Р

Ақтөбе 2021-2022

**М.Арын атындағы Қарғалы қазақ орта мектебі**  
**2021-2022 оқу жылындағы аға тәлімгердің талдау жұмысы**

**1. Қойылған мақсат, міндеттерінің орындауы.** «Бірыңғай «Жас Ұлан Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» 2011 жылы 6 шілдеде Нұр Отан Халықтық Демократиялық партияның 11 съезінде Республикалық қоғамдық бірлестігі негізінде құрылған ұйым. Мектептегі Жас Ұлан ұйымының 2021-2022 оқу жылында жұмыс жоспары жасалды. Жоспар өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыруды көздейтін іс-шаралар негізінде құрылды

**2. Өткізілген іс-шаралар.** Қыркүйек айында мектебіміздегі «Жас Ұлан» мен «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы жоспарлы түрде жүргізіле басталды.


Атап айтсақ, «Жас Қыран» ұйымындағы оқушыларға мектеп инспекторы Л.Қуанышевамен бірігіп «Жол ережесін сақтайық» атты танымдық шара өткізілді. Шараға бастауыш класс оқушылары қатыстырылды.



2021 жылдың 1-қазан Қарттар күніне орай мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері жоғары сынып оқушылары, мектеп тәлімгері қарт ата-әжеге барып, құттықтап қайтты.



Қазан айының 12-19 аралығында «Жас Қыран» қатарындағы оқушыларға, яғни бастауыш сынып оқушыларына «Арайлы алтын күз» тақырыбына жеміс-жидектерден жасалған түрлі бұйымдар көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге оқушылар белсенділік танытып, барлық қатысушылар сертификатпен марапатталды.



Қазан айының соңғы аптасында «Жас Ұлан» ұйым мүшелері, 5-7 сынып оқушыларына «Күз аруы-2020» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға қатысқан оқушылар барлығы алғыс хат, дипломдармен марапатталды.



Қараша айының I аптасында мектебіміздің «Жас Ұлан» балалар ұйымының мүшелері, «Сырғалым» қыздар клубының мүшелерімен бірігіп қаламыздағы «Анаға тағзым» атты мәдени орталығына экскурсияға барып, орталық директоры Марта Есіркепқызымен сұхбаттасып қайтты.




1-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар ұйымының мүшелеріне «Тәуелсіздік-ел тірегі»

атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. 16-желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні қарсаңында Республикалық «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар ұйымының қатарына қабылдау жиыны өткізілді. Мектебіміздің 145 оқушысы, оның ішінде 70 оқушы «Жас Қыран», 75 оқушы «Жас Ұлан» ұйымында болды. Жиын кезеңі класс оқушыларына барлық санитарлық талаптарға сай өткізілді. Шара барысында оқушылар Республикалық «Жас Ұлан» балалар ұйымының төрайымы Д.Садвакасованың бейне құттықтауын тамашалап, сертификатпен марапатталды. ҚР Тәуелсіздігі күніне орай өткізілген мерекелік шараға да ұйым оқушылары белсенділік танытып, қатысты.



16-желтоқсан ҚР Тәуелсіздік мерекесіне орай онлайн мерекелік шара ұйымдастырылды.



2022 жылдың қаңтар айының 1-10 аралығында жасұландықтар, жасқырандықтардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында қашықтық форматында түрлі шаралар ұйымдастырылды. Айта кетсек, жасқырандықтарға «Мен бос уақытымды қалай өткіземін» тақырыбында фото көрме, «Біздің отбасымыз Жаңа жыл мерекесін қарсы алуда» тақырыбына суреттер, жасұландықтарға «Таланттар әлемі» қашықтық форматында (ән, би, мәнерлеп оқу) байқауы өткізілді. Шара соңында барлық қатысқан оқушылар алғыс хатпен марапатталды.




2022 жылдың қаңтар айында қысқы каникул кезіндегі бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектепішілік «Жас Қыран», «Жас Ұлан» балалар ұйымының мүшелеріне қашықтық форматында сурет көрмесі ұйымдастырылды.



9-ақпан М.Мақатаевтың туған күніне орай «Жас Ұлан» балалар ұйымы мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды.



1-наурыз Алғыс айту күніне орай мектеп фоесінде барлығына алғыс кішігірім мерекелік кеш ұйымдастырды. Шара барысында ән айтып, би билеп, жүрек жарды алғыстарын арнады.



2022 жылдың 11-наурыз күні «Жас Қыран» балалар ұйымының мүшелері 3-4 класс оқушылары мен аналары арасында «Аяулы ана, инабатты қыз» байқауы ұйымдастырылды.

Мақсаты : балаларды мейірімділікке, аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге үйрету. Бала бойына ізгілік, инабаттылық, биязылық сияқты қазақ қызына тән жақсы қасиеттерін қалыптастыру.

**Байқау 4 кезеңнен тұрды.**

- I. Таныстыру
- II. Өз өнерін көрсету
- III. Сән
- IV. «Көктемгі микс» (тағам жасау)

### **Нәтижесінде**

Бас жүлде - 3 А класы Маден Азиза, анасы Телгарина Шолпан

I орын – 4 В класы Қанатқызы Айдана, анасы Алтаева Арина

II орын – 4 Б класы Даймағанбет Баян, әпкесі Даймағанбет Гүлсамал

III орын – 3 В класы Нұрахан Аружан, анасы Бришева Самал



22 наурыз мерекесіне орай жасұландықтар тағы да өздері онлайн форматта құттықтауларын жолдады.



### 3. Мектеп кеңесінің жұмысы.

Мектеп кеңесі жыл бойы түрлі шаралардытынды өткізіп отырды. Мектеп кеңесінің мүшелері Ұстаздар күні, 16 желтоқсан, қысқы каникул кезіндегі шаралар, 1-наурыз, 7-сәуір дүниесжүзілік денсаулық күні, 1-мамыр, 9-мамыр мерекелеріне ат салысып онлайн форматында жасқырандықтар арасында жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай «Мен Жамбылды оқимын» атты онлайн мәнерлеп оқу байқауы ұйымдастырылды.



1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне «Жас Ұлан» , «Жас қыран» балалар ұйымы мүшелері арасында «Ақпыз, қара, сарымыз» атты онлайн би байқауы ұйымдастырылды. Байқау соңында барлық қатысушылар марапатталды.

9-мамыр Жеңістің 76 жылдығына орай «Жас Ұлан» балалар ұйымының мүшелері арасында «Жеңіс туы желбіресін» атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді.



Мектебіміздің «Жас Ұлан» балалар ұйымының инста парақшасы бар. Жыл бойы өткізіліп жатқан шаралар, байқаулар уақытылы [m.argyn\\_zhas\\_ulan](https://www.instagram.com/m.argyn_zhas_ulan) инста парақшаға салынып отырылады.